



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2017 жылғы 21 желтоқсан

АҚТОҒАЙ КЕН БАЙЫТУ КЕШЕНІНДЕГІ ӨНДІРІСТІ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ БЕКІТІЛДІ

- 2021 жылдан бастап сульфидті кен өңдеу көлемін екі есе арттыру мақсатында Ақтоғай КБК-гі өндірісті кеңейтудің \$1,2 млрд көлеміндегі инвестициясы бар жобасы бекітілді.
- Сульфидті кеннен мыс өндірудің жыл сайынғы көлемі 2022-2027 жылдар аралығында 170 мың тоннаға жетіп, ал кейінгі жылдары 130 мың тонна деңгейінде болады.
- Таза ақшалай өзіндік құнның жоспарлы көрсеткіші 2027 жылға дейін бір фунт үшін 100-120 АҚШ центрі көлемінде сақталады.
- Ақша салымдарының көлемі Бозшакөл мен Ақтоғайдан түсетін тұрақты қаржының есебінен қамтамасыз етіледі.

KAZ Minerals Тобы Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Ақтоғай КБК-нің өңдеу қуатын жоспарлы түрде арттыру туралы хабарлайды. 2017 жылдың қазан айында сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикасының (КБФ) жобалық қуатына жетуінен кейін Директорлар кеңесі сульфидті кендерді өңдеудің қазіргі қуатын жылына 25 млн тоннадан 50 млн тоннаға кенге дейін екі еселейтін екінші КБФ құрылысын бекітті.

Өндірістің қуатын арттыру қауіп-қатері төмен өркендеу жобасы болып табылады. Ол Ақтоғай мен Бозшакөлде сәтті іске асқан сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикаларына сай келеді. Құрылысты Топтың KAZ Minerals projects бөлімшесі басқаратын болады. Ол бұған дейін Ақтоғайдағы алғашқы жобаның құрылысымен айналысқан. Мердігерлік жұмыстарға қатысты тендерлер 2018 жылы өткізіледі. Жоспарға сәйкес өндірісті кеңейту жобасының ақша салымдарының бюджеті шамамен \$1,2 млрд болады. Оның \$200 млн жуығы 2018 жылы инвестицияланады. Қалған шығындар 2019-2021 жылдар аралығында болады. Өңдеу қарқынын шикізатпен қамтамасыз ету үшін тау-кен техникасының паркі жаңғыртылады.

Жоспарға сәйкес жаңа КБФ-ғы өндіріс 2021 жылдың екінші жартысында басталады. Ал ондағы өндіріс қарқыны 2022 жылдың барысында артады. 2022-2027 жылдар аралығында Ақтоғайдағы сульфидті кеннен мыстың өндіріс көлемі 80 мың тоннаға артып, жылына шашамен 170 мың тоннаны құрайды. Оған кеннің құрамындағы мыстың жоғары үлесі ықпал етеді. Кеніштің одан кейінгі кезеңдегі, яғни минералды ресурстардағы мыстың үлесі 0,34% болғанда, Ақтоғайды кеңейту жобасы жыл сайын қосымша 60 мың тонна өндіріп, жылдық өндіріс көлемі 130 мың тоннаны құрайтын болады. Арта түсетін өндіріс есебінен сульфидті кен денесін өңдеу мерзімі 50 жылдан астамнан шамамен 28 жылға дейін қысқарады. Ақтоғайдағы оксидті кеннен катодты мыс өндіру оксидті кен орнының қалған сегіз жылдық мерзімінде шамамен жылына қазіргі 20 мың тонна деңгейінде өзгеріссіз қалады.

2027 жылға дейінгі жоспарлы таза ақшалай өзіндік құнның көрсеткіші 2017 жылғы долларлық есеппен алғанда бір фунтқа 100-120 АҚШ центрі көлемінде өзгеріссіз қалады. Өндіру операциялық іс-қызметінің кеңеюі арқасында тиімділіктің арттуы өндіру көлемдерінің ерте мерзімге ауысқандықтан кеннің құрамындағы азайып бара жатқан мыстың әсерімен пара-пар болады. 2022 жылдан бастап өндірісті қолдау шығындары \$30-40 млн-дан \$50-60 млн дейін артады.

Жоспар бойынша, талдаушылар консенсусы ұсынып отырған мыс бағасына қатысты сценарий іске асса, өндіріс көлемін арттыру Топ капиталынан асып түсетін табыс әкеледі.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Олег Новачук былай деп мәлімдеді: «Мен екінші ірі өркендеу жобамыз - Ақтоғай КБК-гі өндірістің жоспарланған кеңейтілуі туралы хабарлауға қуаныштымын. Ол 2021 жылдан бастап өңдеу қуатымызды екі еселейді. Кеңейту жобасы – біздің жобалау командамыздың қолданыстағы сульфидті фабрикамыздағы өндірісті қосарлап, айтарлықтай табысты қамтамасыз етудің мүмкіндігі. Мысқа қатысты болжамдар жағымды. Бұл жоғары сұраныс жағдайында біздің өркендеуімізге көмектеседі. 2021 жылға дейін кеңейту жобасындағы күрделі шығындар Бозшакөл мен Ақтоғайдағы жаңа, азшығынды операциялық іс-қызметінен түсетін тұрақты ақша айналымдарынан қаржыландырылады».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде, сонымен қатар Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде жүргізеді. 2016 жылы катод эквивалентіндегі мыстың жалпы өндіріс көлемі 140 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 75 мың тонна концентраттағы мырыш, құйма эквивалентіндегі 120 мың унция алтын мен 3,103 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Операциялық шығындар бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кен орнын пайдалану мерзімі – 40 жылдан астам. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,34% (сульфидті кен). 2017 жылдың желтоқсан айында Ақтоғай КБК-нің кеңейту жобасы туралы хабарлағаннан кейін кен орнын пайдалану мерзімі – шамамен 28 жыл болады деп күтілуде. Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты 2017 жылдың ақпан айында өндірілді. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептік қуатына жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Ол сульфидті кенді өңдейтін екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың екінші жартысында өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі –2021 жылға дейін сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты және оксидті кеннен өндірілетін

шамамен 20 мың тонна мысты құрайды. Ақтоғай КБК кеңейту жобасы күшіне енген сайын 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон, Қазақстан және Гонконг қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

Бұл хабарламада ішкі ақпарат бар.